

**Әкімдіктің 2009 жылғы 15 қаңтардағы № 6 "Әуликөл ауданында 2009 жылға тұрғындардың нысаналы топтарының тізбесін бекіту туралы" қаулысына толықтыру және өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 15 қазандағы № 272 қаулысы. Қостанай облысы Әуликөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 29 қазанда № 9-7-105 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - (Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімінің 2010 жылғы 12 сәуірдегі № 04-10/234 хаты)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - (Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімінің 12.04.2010 № 04-10/234 хаты).**

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 28-бабына және Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес Әуликөл ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Әкімдіктің 2009 жылғы 15 қаңтардағы № 6 "Әуликөл ауданында 2009 жылға тұрғындардың нысаналы топтарының тізбесін бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 9-7-90 тіркелген, 2009 жылдың 12 қаңтарында "Әуликөл" газетінде жарияланған), бұрын әкімдіктің 2009 жылғы 23 шілдедегі № 183 "Әкімдіктің 2009 жылғы 15 қаңтардағы № 6 "Әуликөл ауданында 2009 жылға тұрғындардың нысаналы топтарының тізбесін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" қаулысына өзгерістер пен толықтыру енгізілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 9-7-102 тіркелген, 2009 жылдың 20 тамызында № 34 "Әуликөл" газетінде жарияланған), келесі толықтыру және өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін тұрғындардың нысаналы топтарына кіретін тұлғалардың тізбесі 16-тармақпен келесі мазмұнда "Жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім беру ұйымдарының тұлғалары" толықтырылсын;

13 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын "Толық емес отбасылардың табысы тұрмыс деңгейінен төмен жұмыссыз тұлғалары".

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әуликөл ауданының әкімі*

*Б. Ғаязов*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*"Әуликөл ауданының жұмыспен қамту  
және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы  
Оспанов Сұлтанғали Әлмағамбетұлы*

*2009 жылғы 15 қазанда*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК